

## **Жаналиева Ұлбосын Жанайқызының оқу - әдістемелік тәжірибесінен**

*Жаналиева Ұлбосын Жанайқызы,  
ҚР Білім беру ісінің үздігі, жоғары санатты педагог және Қызылорда  
қалалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы  
«Балдырған» вокал студиясының жетекшісі*

Жаналиева Ұлбосын Жанайқызы еңбек жолын хор үйірмесінде жетекші болып бастады, жұмыс барысында өзіне де, оқушыларға да талап қоя білді. Нәтижесінде балалар хоры қалалық, облыстық, республикалық, бүкілодақтық, халықаралық конкурстардың лауреаты атанды.

Жаналиева Ұлбосын Жанайқызы үнемі ізденістердің арқасында 4 жылдық вокал үйірмесіне арналған авторлық бағдарлама құрастырып, жас мамандарға әдістемелік көмек көрсетіп, тәжірибе алмасып, жас әншілерді сахна мәдениетіне тәрбиелеп жүрген бірден-бір облысқа танымал шебер, талғампаз және тәжірибесі мол білікті ұстаз. Жемісті еңбегінің арқасында қалалық, облыстық, республикалық деңгейлердегі марапаттарға ие болды.

Республикалық қосымша білім беру оқу - әдістемелік орталығының грамотасымен, Облыс, қала әкімінің алғыс хаттарымен, облыстық білім басқармасының, қалалық білім бөлімінің құрмет грамоталарымен, Қызылорда қаласының 190 жылдығына орай мерекелік медальмен марапатталды.

Облыстық педагогтар арасында өткізілген «Үздік педагог - 2010» атты байқаудың жеңімпазы атанып диплом және бағалы сыйлықпен марапатталды, ал 2013 жылы қала әкімінің степендианты атанды.

Оқушылары өнер жолын таңдап вокал студиясында алған білімдерін орта арнаулы, жоғары оқу орындарында білімдерін жетілдіріп, сол білім беру саласында жемісті еңбек атқарып жүрген жас мамандар. Атап айтсақ: Жанна Есанова, Мақсат Мақұлбеков, Болатов Алмас, Зиядинова Гүлфариза т.б. Мұны да тәжірибесі мол, шығармашылықты жадына ұстайтын шығармашыл тұлға Ұлбосын Жанайқызының еңбегі деп білеміз.

Ұстаздық қызмет шығармашылықты талап ететін қызметтің бірі болғандықтан, Жаналиева Ұлбосын Жанайқызы балаларға арналған әндердің авторы және музыка өңдеуші. Мысалы: «Мектеп бітірушілер» әні, «Шарықтайды шабыт әні», «Шаттық жыры», «Сыр елім – ата жұртым», «Күзгі әуен» оқушылардың сүйіп орындайтын шығармалары.

Тәрбиелеген түлектері көптеген жетістіктерге жетті, халықаралық дәрежедегі дипломдарды иемденіп лауреат атанды. «Балдырған» балалар хоры облыстық жас музыканттар сайысында I орын, 32-ші

республикалық байқауында III дәрежелі «Дарын» дипломын алып лауреат атанды.

Вокал студиясының оқушылары Алматы, Астана, Стамбул, Таллин, Санк- Петербург, Абу- Даби, Испания, Болгария т.б. елдердегі халықаралық байқауларда лауреат атанып мәртебеге ие болды.

«Балдырған» балалар хоры шығармашылық сапармен Мәскеу, Киев, Харьков, Қазан қалаларында болып шығармашылықтарын шыңдады.


Соңғы оқу жылдарында Ұлбосын Жанайқызы жетекшілік ететін вокал студиясының оқушылары Астана қаласындағы «Ақ көгершін», Ақтөбеде өткен «Созвездие талантов», Алматыдағы «Ғұмырдария», Көкшетаудағы «Атадан мұра» байқауларында өз өнерлерін ортаға салып лауреат атанды.

Олар: Сартай Алтынкүл мен Мұхамедәлі VII Халықаралық «Ақ көгершін» байқауында III-орын, Сейтбек Каһарман - Республикалық «Жас дарын» жасөспірімдер мен балалар арасындағы ән-би байқауының III-орын иегері және II Республикалық «Созвездие-талантов» фестиваль байқауының I-дәрежелі лауреаты, Қонақ Қарлығаш және Бауыржанұлы Ержан - II Республикалық «Созвездие-талантов» фестиваль байқауының II – орын иегерлері, Жантөре Мирас - Бесінші Халықаралық, Республикалық «Ғұмырдария» жасөспірімдер және балалар шығармашылығы ән-би байқауының «Эстрадалық вокал» номинациясының I орын жүлдегері.

Ұ.Ж. Жаналиева - вокал студиясының 4 жылдық оқыту бағдарламасын жасап облыстық авторлық бағдарламалар байқауына қатысып II орын иеленді.

45 жыл педагогикалық өтілі бар шығармашыл, ізденімпаз, білікті де білімді маман иегері Жаналиева Ұлбосын Жанайқызы Сыр өңірінің мақтанышы деп айтсақ артық болмайды.

В.Л. Сухомлинский «Кім де кім басқалардың бақытын ойлап, өз ғұмырын сарп етсе, оның жұлдызы жанады» деген екен. Ендеше, Ұлбосын Жанайқызы болашақ ұрпақтың бақыты үшін аянбай тер төгіп жүрген бірегей тұлға.



## Жаналиева Ұлбосын Жанайқызының тәрбиеленушілері

**Мақұлбеков Мақсат** - Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжінің түлегі, білімін Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында жетілдіріп, аталған жоғары оқу орнын тамамдады, қазіргі таңда Алматы қаласындағы Абай атындағы опера және балет театрының әншісі.

Мақсат 2015 жылы өткен «Қазақстан дауысы» жобасының финалисі.



**Есанова Жанна** - Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясын аяқтап, Қазақ ұлттық музыка академиясының магистратурасын тамамдап, қазіргі кезде аталған оқу орнында оқытушы қызметін атқарып жүр.





**Дайрабаева Сабира** – Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжінің түлегі, Қорқыт Ата атындағы мемлекеттік университетін «Хорды дирижерлау» мамандығы бойынша аяқтап, қазіргі таңда Қызылорда қаласындағы М. Маметова атындағы гуманитарлық колледжінде «Хормен дирижерлау» бөлімінде оқытушы қызметін атқарады.

**Болатов Алмас** – А. Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған қазақ орта мамандандырылған музыка мектебінің түлегі, қазіргі таңда Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының II курс студенті.



**Малик Гульжан** - Қазақ Ұлттық музыка академиясын аяқтап, қазіргі уақытта Астана қаласының мемлекеттік филармониясында әнші қызметін атқарады.

**Зиядинова Гульфариза** - Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжінің түлегі, білімін Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваторияда вокал класы бойынша жалғастыруда .

**Дайрабаев Бурхан** – Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжінің соңғы курс студенті.

**Талғатұлы Нұрғазы** – Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжінің III курс студенті.

**Қонақ Қарлығаш** – Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжінің II курс студенті.

**Сейтбек Қаһарман, Такен Ернұр, Арыстанбек Алтынбек** - Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжінің I курс студенттері.